

1 дәріс.

Тақырыбы «ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік құқығының ұғымы мен пәні»

Кіріспе

Бұл пән туралы айтатын болсақ, әкімшілік рәсімдік-процестік құқық – еліміздегі жаңа пәндердің бірі. Бұл сала жоғары оқу орындарында енді ғана оқытыла бастады, себебі Қазақстанда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс тек 2020 жылы қабылданған болатын. Осы кодексті әзірлеу барысында көптеген талқылаулар жүргізілді, ол бірнеше рет Парламентке талқыға шығарылды. Әкімшілік құқықтың маңыздылығы арта түскен сайын, бұл кодекс туралы мәселе де өзекті бола бастады. 2014 жылы жаңа Әкімшілік құқықбұзушылық кодексі қабылданғаннан кейін, әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті енгізу туралы әңгімелер де жиі көтеріліп отырды. Алайда, нақты қабылдануы тек 2020 жылы жүзеге асты.

Бұл кодекстің негізгі мақсаты – азаматтардың құқықтарын қорғау, мемлекеттік органдар мен азаматтар арасындағы қатынастарды реттеу. Әкімшілік рәсімдер мен процестердің заңды негіздерін қамтамасыз ету біздің құқықтық жүйемізді одан әрі нығайтуға септігін тигізеді. Сондықтан, бұл пәнді терең түсініп, зерттеу сіздер үшін өте маңызды.

Алдағы уақытта біз осы пәннің негізгі аспектілерін егжей-тегжейлі қарастырамыз және әкімшілік рәсімдердегі процестік құқықтың практикалық маңызын талқылаймыз.

1. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік құқығының пәні

Әкімшілік іс жүргізу нормалары, тиісті заңнамада бекітіліп, әкімшілік істер бойынша іс жүргізу тәртібін анықтай отырып, Қазақстан құқық жүйесінде жеке сала болып қалыптасады – бұл әкімшілік рәсімдік-процестік құқық.

Әкімшілік рәсімдік процестік құқық – Қазақстан құқық жүйесінің дербес саласы, ол әкімшілік істер бойынша сот әділдігін жүзеге асыру барысында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейтін процестік-құқықтық нормалардың жиынтығын білдіреді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың реттеу пәні – бұл әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар, яғни жалпы юрисдикциядағы соттар мен әкімшілік процеске қатысушылар арасындағы қатынастар. Бұл қатынастар мемлекеттік немесе өзге де жария өкілеттіктерді жүзеге асырудың заңдылығы мен негізділігін сот бақылауы арқылы қамтамасыз етуге, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Қазақстанда Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы – маңызды қадам. Алайда, кейбір ғалымдар мен практиктер кодекстің құрылымына қатысты сын-ескертпелерін білдірді. Олардың пікірінше, әкімшілік іс жүргізу құрылымы күрделі және азаматтық іс жүргізу ережелеріне

тым ұқсас. Бұл пікірді қолдауға болады, себебі барлық іс жүргізу түрлеріне тән жалпы ережелерден бөлек, кодексте әкімшілік істердің жекелеген санаттарын қарастыруға арналған арнайы бөлімдер бар.

Қазақстан Республикасының аумағында **әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібі** Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарында, осы Кодексте айқындалады. Егер осы Кодексте өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде Қазақстан Республикасы Азаматтық процесілік кодексінің ережелері қолданылады (ҚР ӘРПК 1 бабы).

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының және Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары әкімшілік және әкімшілік-процестік құқықтың құрамдас бөлігі болып табылады.

Әкімшілік процесс Қазақстанда салыстырмалы түрде жаңа ұғым болып табылады және 20 ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап құқықтық ғылымда зерттелуде. Бұл салада бірқатар теориялар қалыптасқанымен, ғалымдар арасында біртұтас пікір әлі де жоқ. Әкімшілік процесінің ерекше белгілері оны басқа құқықтық процестерден (қылмыстық және азаматтық) ажыратады. Біріншіден, әкімшілік процесс – бұл басқарушылық қызметті жүзеге асыруға бағытталған, мәжбүрлеу сипатындағы әрекеттер жиынтығы. Екіншіден, әкімшілік процесс кең ауқымды қоғамдық қатынастарды қамтиды және күрделі құрылымға ие, оны реттейтін көптеген әкімшілік процесілік нормалар бар. Үшіншіден, бұл процесс тек әкімшілік құқық нормаларын жүзеге асырумен шектелмейді, кейде басқа құқық салаларының нормаларын да қолдануды талап етеді (қаржылық, жер, экологиялық құқықтар). Ғалымдардың зерттеулері әкімшілік процесінің мемлекеттік билік органдарының басқару қызметін заңды түрде реттеу және заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін маңызды екенін көрсетеді.

ҚР ӘРПК 3 бабына сәйкес әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың пәннине келесідей қатынастар жатады:

- мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерімен,
- әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты,
- әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен байланысты қоғамдық қатынастар.

Кодекске тереңірек үңілсек, кейбір жағдайларда басқа процесілік заңдардың жалпы ережелері қайталанып жазылғанын байқаймыз, бұл жерде жолданым нормаларын қолдану мүмкін болар еді. Мысал ретінде, Қазақстанның ӘРПК-де сот төрелігінің жалпы принциптері бар, олар кез келген сот өндірісінде жүзеге асырылады: судьялардың тәуелсіздігі, барлық адамдардың заң мен сот алдында теңдігі, істі қарау кезінде заңдылық, ашықтық, тараптардың теңдігі және т.б.

Жаңа процесілік кодексті қабылдау кезінде заң шығарушы жария құқықтық қатынастарға қатысушылардың арасындағы дауларды шешуге

арналған арнайы ережелерді енгізуді мақсат еткен. Өйткені, әдеттегі талап қою өндірісінде тараптар тең жағдайда болса, жария құқықтық қатынастарда бұл теңдік сақталмайды. Сондықтан, ӘРПК-нің ережелері әкімшілік іс жүргізудің ерекшеліктерін ескере отырып, тараптардың мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Әкімшілік рәсімдер

Әкімшілік рәсімдер – бұл мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, міндеттерін және заңды мүдделерін реттеуге бағытталған қызметін жүзеге асыру кезіндегі белгілі бір тәртіпте орындалатын әрекеттер жиынтығы. Әкімшілік рәсімдер негізінен мемлекеттік басқару саласындағы құқықтық қатынастарды реттейді және азаматтардың мемлекеттік органдармен қарым-қатынасын жүйелейді.

Әкімшілік рәсімдердің негізгі ерекшеліктері:

1. **Құқықтық негізі:** Әкімшілік рәсімдер нақты заңдар мен нормативтік құқықтық актілермен реттеледі. Қазақстанда бұл реттеуші актілер Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс арқылы бекітілген.
2. **Процедуралардың формализациясы:** Әкімшілік рәсімдер заңнамамен қатаң реттелген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады. Оған өтініштерді қабылдау, шешімдер қабылдау, оларды орындау сияқты нақты кезеңдер кіреді.
3. **Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау:** Әкімшілік рәсімдер азаматтардың немесе заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауға, олардың заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған. Мысалы, азамат әкімшілік органға арыз берген кезде, сол орган оны заңда белгіленген мерзімде қарауға және тиісті шешім қабылдауға міндетті.
4. **Әділдік пен бейтараптық:** Мемлекеттік органдар әкімшілік рәсімдерді жүзеге асырған кезде бейтараптық пен әділдік қағидаларын ұстануы тиіс. Олар барлық тараптардың құқықтарын құрметтеп, заң шеңберінде әрекет етуі керек.
5. **Қарсылық білдіру құқығы:** Егер азамат немесе ұйым әкімшілік органның шешімімен келіспесе, ол шешімге қарсы шығуға және оны жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылы. Бұл әкімшілік рәсімдерде маңызды құқықтық құрал болып табылады.
6. **Әкімшілік жауапкершілік:** Әкімшілік рәсімдерді дұрыс орындамаған немесе заң талаптарын бұзған жағдайда, мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылады.
7. **Жариялылық және ашықтық:** Әкімшілік рәсімдер жария түрде жүзеге асырылады. Бұл азаматтардың мемлекеттік басқару саласындағы шешімдерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері ашық болуы және кез келген адамға ақпарат алу мүмкіндігін беруі тиіс.

8. **Процедуралық мерзімдер:** Әкімшілік рәсімдер нақты мерзімдер шеңберінде жүзеге асырылады. Мысалы, өтініштер мен шағымдарды қарау мерзімдері заңмен белгіленген және ол мерзімдер бұзылмауы тиіс.

Әкімшілік рәсімдердің кезеңдері:

1. **Өтініш қабылдау:** Азамат немесе ұйым өз мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органға өтініш береді.
2. **Қарау:** Өтінішті қабылдаған орган оны талдайды, қажетті құжаттарды тексереді және заң шеңберінде шешім қабылдайды.
3. **Шешім шығару:** Мемлекеттік орган өтініш бойынша шешім шығарады. Бұл шешім заңды негізде болуы тиіс.
4. **Атқару:** Шешім қабылданған соң, ол іске асырылады немесе орындалады.
5. **Шағымдану:** Егер шешіммен келіспесе, азамат оны қайта қарау немесе жоғары тұрған органға шағымдану мүмкіндігіне ие.

Әкімшілік рәсімдер мемлекеттік басқару жүйесінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың маңызды құралы болып табылады. Олар заңдылықты қамтамасыз етіп, мемлекеттік органдардың қызметін тәртіпке келтіреді.

3. Әкімшілік рәсімдік-процестік құқықтың өзге құқық салаларымен арақатынасы. Қазақстанның әкімшілік рәсімдік-процестік құқығы көптеген құқық салаларымен тығыз байланыста. Ең алдымен, ол азаматтық процестік құқықпен, қылмыстық процестік құқықпен және арбитраждық процестік құқықпен байланысты. Бұл құқық салалары сот әділдігін жүзеге асырудың ортақ принциптеріне негізделіп, сот органдарының қызметін реттейді.

Мұндай ұғымдар, мысалы, ведомстволық тиесілілік, соттылық, процестік мерзімдер, сот хабарламалары, дәлелдемелер және дәлелдеу, сот актілерін қайта қарау тәртібі және тағы басқалары осы құқық салаларына да ортақ болып табылады. Бұл институттар әкімшілік процестік құқықпен қатар, басқа процестік құқық салаларында да қолданылады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік құқық материалдық құқық салаларымен де өзара байланысты. Мысалы, әкімшілік, қаржы, салық, кеден және азаматтық құқықтармен. Материалдық құқық нормаларының бұзылуы әкімшілік процестік құқықтың әрекетке енуіне әкеледі, егер азаматтар немесе ұйымдар сотқа жүгінсе. Сонымен қатар, әкімшілік рәсімдік-процестік құқық мемлекеттік, конституциялық және сайлау құқықтарымен де байланысқа ие.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995 ж.
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ҚР ӘРПК) 29.06.2020 ж.
3. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (ҚР ӘҚБтК) 05.07.2014 ж.
4. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексі (АПК) 31.10.2015 ж.

5. Административный процесс в схемах. Профессор Р. Мельник редакциясымен шығарылды. Астана, 2023.
6. Жетписбаев Б.А., Жанибеков А.К., Кусаинов Д.О., Правовые основы административного процесса в Республике Казахстан: Учебное пособие. — Алматы, 2017.
7. Нурболатов А. Административный процесс: понятие, сущность и виды. Алматы, 2014.
8. Административное судопроизводство, административный процесс деген көптеген ресейлік оқулықтар (А. Каплунов, А. Зеленцов, Л. Бадыков, В. Ярков және т.б. авторлардың)